

## 1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 25 наурыздағы N 2152

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде халықтың өз еркін білдіруінің ең жоғары көрінісі - бүкілхалықтық дауыс беру екеніне сүйеніп, Қазақстан халықтары ассамблеясының үндеуін ескеріп әрі Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_78-бабын, "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_3-бабын басшылыққа ала отырып, қаулы етемін:

1. 1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдум өткізілсін.

2. Республикалық референдумға мынадай сауал қойылсын:

"Сіз 1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкіл халық сайлаған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігінің мерзімін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартуға келісесіз бе?".

3. Тағайындалып отырған республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу кезінде Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодекстің Жалпы бөлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Республикалық референдум туралы" Жарлығы басшылыққа алынсын".

4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізуді Орталық референдум комиссиясының функциясын атқаратын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады деп белгіленсін.

5. Облыстардың, Алматы қаласының, аудандардың, қаладағы аудандардың әкімдері осы Жарлық жарияланған күннен бастап жеті күн мерзім ішінде аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының функциясы атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құрып, олардың құрамын белгілесін.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері қабылдаған

шешімдер жөнінде Орталық референдум комиссиясына дереу хабарлайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, облыстардың, Алматы қаласының әкімдері тағайындалып отырған республикалық референдумды ұйымдастыру, материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қолданатын болсын.

7. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК